

Шалабай Б., Шакирова Д.Т.

Ә. Кекілбаевтың «Үркер» романындағы бейвербалды амалдардың ұлттық-мәдени сипаты

Мақала бейвербалды бірліктердің тілдік, ұлттық-мәдени сипатын анықтауға арналады. Бейвербалды амалдар адамдардың өзара түсінісуіне жол ашады, адамдардың бір-бірімен байланысын қамтамасыз етеді. Бейвербалды амалдар вербалды ақпараттардың мазмұнын толықтырып қана қоймайды, сонымен бірге, сөйлеуші жайында, оның әлеуметтік мәртебесі, жастық ерекшеліктері, мінез-қасиеттері туралы хабар беретініне жинастырылған мысалдар арқылы көзіміз жетті. Қатысымның бейвербалды амалдарын жинастыру, топтау, түрлі деңгейдегі тілдік сараптама жасау мен паратілдік амалдардың түрлерін анықтау тілдік бірліктердің лексикалық, грамматикалық мағыналарын толық ашуға, тіл білімі теориялық және тәжірибелік түсінігімізді кеңейтуге, паралингвистика ғылымы туралы түсінігімізді кеңейтуге мүмкіндік береді. Үнемдеу құбылысының бейвербалды амалдар арқылы қалай жүзеге асатынын анықтау мәселесі де қол жеткізген маңызды ақиқаттардың бірі екенін айта кету керек. Ұлттық мәні бар ым-ишараттардың семантикасын түсіну, анықтау мақсатында «Үркер» романы таңдап алынды.

Түйін сөздер: бейвербалды амал, ым, ишарат, ұлттық мәдениет, ұлттық бейвербалды амалдар, әмбебап бейвербалды амалдар.

Shalabay B., Shakirova D.T.

National and cultural characteristics non-verbal elements in the novel A. Kekilbayev «Urker»

Article is devoted to the definition of the language, national and cultural characteristics of non-verbal elements. Non-verbal communication is the exchange of non-verbal communication between people and their interpretation. It is possible because all these signs and symbols in every culture enshrined certain value, understandable to others. Nonverbal communication is not only complements the verbal message, and they are able to transmit a wealth of information about the identity of the device. We can learn about his temperament, emotional state at the time of communication, to find out his personal characteristics, social status. Making various analyzes of the collected non-verbal elements defined by the full picture of the lexical, grammatical semantics of words, as well as theoretical knowledge and practical skills about science paralinguistics. To determine the semantics of facial expressions, gestures national character we took the novel «Urker.»

Key words: non-verbal elements, facial expressions, gestures, national non-verbal elements, universal non-verbal elements.

Шалабай Б., Шакирова Д.Т.

Национально-культурная характеристика невербальных элементов в романе А. Кекилбаева «Үркер»

Статья посвящена определению языковой, национально-культурной характеристики невербальных единиц. Невербальная коммуникация представляет собой обмен невербальными сообщениями между людьми, а также их интерпретацию. Она возможна потому, что за всеми этими знаками и символами в каждой культуре закреплено определенное значение, понятное окружающим. Невербальное общение не только дополняет вербальное сообщение, но также способно передавать обширную информацию о личности коммуникатора. Мы можем узнать о его темпераменте, эмоциональном состоянии в момент коммуникации, выяснить его личностные свойства, социальный статус. Анализ различных невербальных элементов даёт полную картину лексической, грамматической семантики слов, помогает определить теоретические и практические положения такой науки, как паралингвистика. Для определения семантики мимики-жестов национального характера мы взяли роман «Үркер».

Ключевые слова: невербальный элемент, мимика, жест, национальные невербальные элементы, универсальные невербальные элементы.

**Ә. КЕКІЛБАЕВТЫҢ
 «ҮРКЕР» РОМАНЫН-
 ДАҒЫ БЕЙВЕРБАЛДЫ
 АМАЛДАРДЫҢ
 ҰЛТТЫҚ-МӘДЕНИ
 СИПАТЫ**

Көркем шығарма тілі – қыры да, сыры да мол дүние. Әрбір қалам қайраткерінің табиғи талантын, дүниетанымын, қабілетін, білім дәрежесін былай қойғанда, сөз өнерінде өзіндік қолтаңбасы, сөз қолданыс тәсілі, сөз саптау мәнері бар. Көркем сөздің жан дүниемізге рухани нәр беріп, әсерлі де әсем сезім ұялататын сиқырлы сыры оның эстетикалық қызметіне байланысты.

Классикалық биік деңгейге көтеріліп, әлемдік көркемөнерге асыл қазыналар қосқан қазақ прозасында 70-80 жылдары халқымыздың өткен тарихына ден қою, ата-бабаларымыздың мұрат-мүддесін, мақсат-тілегін бейнелеу үрдісі сипат алып қадау-қадау қадамдар жасалынды. І. Есенберлин, Ә. Әкімжанов, М. Мағауин, С. Сматаев, Ә. Кекілбаев сияқты таланты жазушылардың кесек бітімді, тарихи романдары дүниеге келді. Осы шығармалардың қатарына Әбіш Кекілбаевтың «Үркер», «Елең-алаң» романдары да қосылды.

Әбіш Кекілбаев – қазақ көркем әдебиетіне үлкен үлес қосып жүрген жазушылардың бірі. Оның халық тарихын бейнелі түрде суреттеген шығармасының көкжиегі ретінде саналатын «Үркер» мен «Елең – алаң» романдары әдеби-сыни тұрғыдан зерделеніп жүрсе де, тілдік, жазушының стилі жағынан аз зерттелгені белгілі жайт.

Ә. Кекілбаевтың «Үркер» романындағы ым-ишараттарды (бейвербалды амалдар) саралап, олардың ұлттық-мәдени сипатын мысалдармен дәлелдеп қарастыру мақаламыздың басты міндеті болып табылады.

Бет қимылы, дене қалыбы – ұлттық ерекшеліктерді сақтайтын дене тілі. Ұлт мәдениетінің қай түрінде болмасын, онда сол ұлттың бүкіл таным болмысы мен тұрмыс-тіршілік суреті сақталған.

Ұлттық-мәдени ерекшеліктерді саралауда тілдік амалдармен қоса бейвербалды амалдар да қолданылады. Адам тілмен айтып жеткізе алмаған ойын ым, ишара, емеуірінмен де жеткізеді. Жер бетінде ым тілін қолданбайтын бірде-бір адам жоқ.

Ишара – бұл денедегі іс-әрекеттер мен қимыл қозғалыстар, яғни белгілі бір дене бөлшегі қимылдарының жиынтығы. Дене мүшелерінің қатысуымен орындалатын ишараларды: бас, қол, иық, аралас және т.б. түрлерге бөлеміз. Жалпы ишаралар се-

миотикалық сипаты жағынан бес түрге бөлінеді: иллюстраторлы, эмблемалы, икемдеуші, аффекторлы ишаралар.

БІМ (мимика) – бет бұлшық еттерінің қозғалысы, адамның ішкі күйі мен эмоциялық қалпын сипаттайтын және адамның нені меңзеп тұрғанынан хабардар етуге қабілетті бейвербалды амалдардың бір түрі.

Тілші А.Исламның айтуынша: «ұлттық дүниетаным ерекшеліктерінің айқын көрсетер белгілерінің бірі – этно-мәдени белгілер. Олар жалпы ритуалдан туындайды, яғни қандай да болмасын этно-мәдени белгінің негізі ретінде ишарат, ритуалдың фрагменті алынған», – дей келе [1, 24], бейвербалды амалдарды ұлттық-мәдени ерекшеліктерді саралаудағы басты нысан екендігін айтып өтеді.

Бейвербалды амалдар қоғамдық-мәдени нормалар мен шарттылықтарды белгілі жүйеге келтіруге көмектесетін аса қажет құбылыстар қатарын құрайды. Олар әр халықтың рухани салт-дәстүрлерін сақтауға өзіндік үлес қоса отырып, мәдениетаралық қарым-қатынасты дамытуға ықпалын тигізеді даусыз.

БІМ мен ишараттардың түрлері, таралу шеңбері әр түрлі. БІМ-ишараттар негізінен ұлттық және әмбебап болып екіге бөлінеді. Әмбебап (универсалды) бейвербалды амалдар жалпыға ортақ, түсінікті, мәдени ұқсастықтары бар, қатысымдық қызметте бірдей семантикалық мағынасымен ерекшеленеді. Мысалы: *бас иезу* көп елдерде «иә» дегенді немесе келісімді білдіреді. Бұл туа біткен дене қимылы болу керек. Өйткені, оны мылқау, саңырау адамдар да қолданады. Келіспеуі немесе жоққа шығаруды белгілейтін *бас шайқау* да әмбебап болып табылады. Ол балалық шақтан қалыптасқан, игерілген дене қимылдарының бірі. Сол сияқты: *Қабақтарын шарт түйіп*, қарсы алдарында кесе көлденең жатқан дөңбек жолға қарап телміресе қапты [2, 208]. Мәті ауыл арасының үйреншікті әңгімесін тыңдап отырғандай анда-санда самарқау *бас иезеп қояды* [2, 43]. Бәйбіше байқалар-байқалмас *күрсініп қойды* [2, 6]. – деген мысалдарда келтірілген тілдік емес амалдар да баршаға бірдей түсінікті ым-ишараттар болып табылады.

Ал ұлттық бейвербалды амалдар белгілі бір топ арасында қолданылатын, семантикалық мағынасы шектеулі, ұлттық нышандарға ие, мәдени, әлеуметтік айырмашылықтарымен ерекшеленеді. Сөзімізді дәлелдеу мақсатында «Үркер» романындағы қазақтың ұлттық мәдениетін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, тілі мен дінін танытатын ым-ишараттарды жинастырып, олардың семантикалық қырларын барынша ашуға тырыстық:

Әбілқайыр шарта жүгініп отырып *қолын жайды*:

- Қабыл болғай. Баламыздың ғұмыр жасын ұзақ қылғай. Мерейі асқай, несібесі тасқай. Әллауақпар! – деп *бетін сипады*. Үй ішіндегілер түгел *беттерін сипасты* [2, 25].

- Соған еріп, жолын ұста, – деп ақыл айтып, *қолдарын жайып* бата қылды [2, 228]. Жұрттың бәрі жер тізерлеп, ғазауат соғысқа жеңіс тілеп *алақан жайысты* [2, 133]. Жеңіске бата беріліп, қол жайылды [2, 154]. Анадайдан аттарынан түсе қап, құран оқиды. Сол жаққа қарап: «Сақтай көр! Қолдай көр!» – деп *қол жайып* жалбарынады [2, 619]. «Бұлар дегенің, міне, осындай ғой. Баяғыдан бері неге қақсап жүр дейсің», – дегендей белін жазып, иығын тіктеп, «а құдай» деп *алақанымен бет-аузын сипап қояды* [2, 423]. Біраз уақыт ойланып отырды. Сосын шоққа қақтаған *қос алақанымен бет-аузын бір сипап* өтіп, жағын кере есінеп алды [2, 449]. Тамақтан соң Итжемес ас қайтарғанның ырымын жасады. Серігі *қолын жайған жоқ* [2, 544].

Қол жаю, бет сипау – бата бергенде, Құран оқыған сәтте отырған адамдардың оған назар аударып, тыныштық сақтай отырып, қос қолын жайып, алақанын бір-біріне жақындатып, сауақтарын түйістіріп ұстау ишараты. Бұл үрдістің мәні бата мен діни құлшылық ниеттері қабыл болсын деген мағынаны белдіреді.

Иісі алаштың беліне бес қару асына алар естиярларының алдында *қолдарына құран ұстап*, қан құйысып, ант берісті [2, 95]. Ата-бабаның үрдісі үш арыстың тізгінін ұстаған азаматтары *Құран ұстап*, ақбоз бие сойып, жас қандарын маңдайына жағып анттасқанды талап етеді [2, 132]. Тевкелев хан ордаға жиналғандарға *қолдарына құран ұстап*, ант қағазына мөрлерін басқасын, әрқайсысына ел алдындағы қызметі, абырой-атағына лайық тарту-таралғы таратады [2, 354].

-Уәде – Құдайдың аты. *Құран ұстап* айтқан сөзден неге айнылық! Екі жағымыз да сертке берік болайық, – деді ақсақалдар [2, 631].

- Билердің *құран ұстап пәтуаласқан* кесігі бойынша, Әбілқайыр ханға тағылған айып нақақ боп шықса, Зердебай Ерен оғлының аяқ-қолы аман, ақыл-есі дұрыс, балиғатқа толған қызы Торғын төгілген абыройына әуелі сөзі, сосын әкесі Зердебай Ерен ұлы жауап беруге тиісті [2, 625]. Хан тағы да *құранға қолын тигізіп*, үш рет: – Адалмын, адалмын, адалмын, – деді [2, 624]. Дәу де болса, бұл отыз, кешегі Құдайназар айтқандай ертең алдына келіп, *жүгініп отырып, құранды маңдайына тигізіп*, ала қағазға не мөрін, не бармағын басып, азды-көпті алапа алып ат-

танатын талай майтымақтың басы екеніне оның да түсінген түрі бар [2, 424]. Екі сұлтан *жер тізерлеп құранға жүгініп*, ант қағазға қол қояды. Батыр сұлтан патшаға жылына мың түлкі, мың қарсақ, ханзада – мың түлкі жасақ төлеп тұратын болып уәде береді [2, 437].

- Иә, ақ патшаға *«міне құран, міне шыным»* деп ант берген адам оның бағыныштыларына көзапара зорлық жасап жатқандарды көре тұра қарап қалар ма? [2, 517].

Құранды кеудесіне басу (құран ұстау) – құранды қос қолымен көтеріп әкеліп, кеуде тұсына тигізу ишараты. Бұл уәде беру, ант ішудің белгісі болып табылады [3, 78].

Сары үйек жыландай шұбарала *дойыр қамшысын сылқ еткізіп ортаға тастай салды* [2, 129]. Шеткерірек отырған Әбілқайыр *қолындағы қамшысын жұртқа көрсеткісі келгендей, төбесінен асыра бір көтеріп, ортаға тастады* [2, 130].

Әйтеке *қамшысын көкке көтеріп*: – Ел шетіне дүбір жетсе, атыңның жалы панаң болар, көк сауытың – қатын, көк найзаң – балаң болар! – деген-ді [2, 88]. *Қамшысын ортаға тастамай* қойшы сөйлер, қойманшы сөйлер, ал өзін сыйлайтын ер азамат жағын ашпайды [2, 136]. Сұлқ отырған Тәңірберді: *«Жә, қойыңдар енді!»* – дегендей *қамшысын жоғары көтерді* [2, 589].

Қамшыны алдына тастау – сөз сұрау ишараты. Ұлттық әдет заңының жолы бойынша шешендер мен билердің дау-дамайы кезінде сөз сұраған адамдарының қимылдарының бірі – қамшы тастау. Сайысқа, текетіреске шақыру қызметін де атқарады. Еуропа елдерінде «биялайын тастаумен» бірдей [3, 69].

Екі жақтың игі жақсылары бітім болғанына қуанысып, *төс түйістіріп құшақтасты* [2, 310]. Қара аңсап, айдалада кетіп бара жатқан бейсаубат жолаушыны соңынан қуып барып, аты-жөнін, ата-бабасын сұраса келе қарын-бөле шығып, үйіне шақырып әкеп, бағылан сойып, насыбай атысып, ертеңіне *төс түйістіріп* жылап айырылысатын бауырмал қазақтардың басын бір алқа қотанға қоссаң, әрқайсысы әр жерден шіреніп, әр жаққа шалқаяды [2, 82]. Хан мен елші мұсылман ғұрпымен *төстеріне төстерін тигізіп, құшақтасып қоштасты* [2, 631]. Бөкенбай мен Есет көптен көрмеген достарымен *төс түйістіріп құшақтасып көрісті* [2, 615].

Төс түйістіру – екі адамның бір-бірімен төс тигізе құшақтасуы. Оң қолды құшақтасатын адамның сол жақ иығынан асыра арқасына құлатады. Сол қолмен белінен құшақтайды. Құшақтарын жазып жіберіп екінші рет төс қағыстырғанда осы әрекеттер үш рет қайталана-

ды. Төс түйістіру – адамдардың бір-бірімен сәлемдесуі, көкірекке ұялаған жағымды ниеттер мен бастамаларды біріктіру ниетінен шыққан. Бұл амандасу ишараты болып табылады.

Әбілқайырдың бетіне өң жүгіріп, көз алдының да әлгі бір қабарыңқы кіреукесі тарап, *кесесін төңкерді* [2, 42] деген мысалдағы *кесені төңкеру* ишараты қазақтың тұрмыс-тіршілігінде шай, т.б. сусынды ішіп болғандығын, тойғандығын білдіру мақсатында жасалатын әрекет.

Молдас (малдас) құрып отыру – әр халықтың өзіндік дастарқан басында отыру мәдениеті болады. Түркі тілдес елдерде әйел адамдар тізелерін бүгіп, аяқтарын жинақтап отса, ер адамдар малдас құрып, яғни екі тізесін аяқастырып отырады. Мысалы: Төр алдында *молдасын құрып*, шай сораптап отырған Мәті би көз алдына келеді [2, 278]. Шәйдің дастарқаны жиылды. Хан *малдас құрып қақшып отыр* [2, 414]. Сол-ақ екен ақ орданың ішін бір сай-сүйегінді сырқыратқан зарлы әуез кернеп қоя береді. *Малдасын құра жайғасқан* ақ сақалды шал қолындағы күй аспабын сол жақ санына шанши қондырып, оң қолындағы жіңішке таяқпен ышқынта ыспалап бақты [2, 415].

«Үркер» романы – қазақ елі басынан өткерген аса ауыр кезеңдерді, XVII-XVIII ғасырларда орын алған ірі-ірі оқиғаларды тарихи деректерге сүйеніп жазылған, көп қанатты, тарих шежіресін жырлайтын тамаша туынды. Ол әдебиеттегі тарихи шығармалардың қатарында белді жерден орын алатын, көркемдік дәрежесі жоғары, айрықша орамды шығарма.

Роман мазмұнының өзекті мәселесі – қазақ елінің өз жері, өз бостандығы, дербес ел болып қалыптасуы үшін талай жылдар бойы табан тіресіп жүргізген күресінің жайы, айбынды асулары. Сондай ірі туындының авторы Ә. Кекілбаевтың жазушылық шеберлігінің бір қыры – дүниетанымдық сөздік қорын өзіне дейінгі және өз тұсындағы көркем әдебиет туындыларынан ерекшеленіп, өзіндік жол саралануы. Әбіш Кекілбаевтың әрбір шығармасы тарау-тарау зерттеулер мен көптеген мақалаларға арқау боларлық.

Ә. Кекілбаев тілдік қолданыстағы ұлттық болмысты, қазақ рухын танытатын тілдік емес амалдарды шеберлікпен қолдана білген. Сөзімізге жоғарыда мысалдар дәлел бола алады. Жазушы ым-ишараттарды жаңғыртып, өңдеп, құбылтып қолдану арқылы олардың мәтіндегі мәнерлегіш, көркемдегіш қасиетін арттыра түскен.

Көркем мәтінде қолданылған бейвербалды бірліктердің семантикалық мән-мағынасын ашып, қолданымдық аясын зерттеп, стильдік қызметін анықтауда мақсат еттік.

Әдебиеттер

- 1 Ислам А. Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті // филол. ғыл. д-ры. автореф. – Алматы, 2007. – 47 б. – Б. 24.
- 2 Кекілбайұлы Ә. Шығармаларының жиырма томдық толық жинағы. Үркер. Роман. – Т. 1. – Алматы: Жазушы, 2010. – 636 б.
- 3 Момынова Б., Бейсембекова С. Қазақ тіліндегі ым мен ишараттың қазақша-орысша түсіндірме сөздігі. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 133 б. – Б. 69, 78.

References

- 1 I'slam A. Ul'ti'q ma'deni''et konteksindegi du'ni''ening tildik swreti // fi''lol. ghi'l. d-ri'. avtoref. – Almati', 2007. – 47 b. – B. 24.
- 2 Kekilbayuli' A'. Shi'gharmalari'ni'ng ji''i'rma tomdi'q toli'q ji''naghi'. U'rker. Roman. – T. 1. – Almati': Jazwshi', 2010. – 636 b.
- 3 Momi'nova B., Beysembekova S. Qazaq tilindegi i'm men i''sharatti'ng qazaqsha-ori'ssha tu'sindirme so'zdigi. – Almati': Qazaq wni''versi''teti, 2003. – 133 b. – B. 69, 78.